



Мерекелік көрме өтті

**Ұлт көсемі Әлихан
Бекейхан айтқан
мынадай сөз бар: «Тарих
- түзу, жәнді үйретуші»
дайді.**

Шежірелі тарихымызда елеулі орны бар халқымыздың азаттық үшін күрес жолы барлығымыздан өткенге, бүгінге, болашаққа жауапты қарауды талап етеді. Себебі еліміздің егемендік үшін күресінің тарихи жолы ғасырдың жүргі дерлік жұмысы. Оған тамыры тереңге жайылған тарихымыз күа.

Қазақ елдігі мен мемлекеті белгіленген атаулы күнді атап өту қоғамдағы ұлттық бірегейлігімізді сақтауға, кейінгі ұрпақ бойындағы отансүйгіштік сезімін нығайтуға ықпал ететіні хақ. Отанымыздың мерейлі мерекесі қарсанды №2 ОӘФК кітапханашыларының ұйымдастыруымен, «Қазтұтынуодағы Арқалық көпсалалы колледжі» мекемесінде «Қазақстан - байтақ өлке, бай мекен» атты мерекелік кітап көрмесі ұйымдастырылды. Жылжымалы кітап көрмесінің бірінші бөлімі «Рухы биік, арманы асқақ Мәңгілік ел» деген тақырыпта еліміздің дербестігін танытқан тарихи күн жайлы тереңнен сыр шертетін әдебиеттермен қамтылды. «Еркін елдің еңсегей белгілері»

атты көрмеміздің екінші бөлімі елдіктің айрықша нышаны саналатын мемлекеттік рәміздерге арналды. Көрмеге тарихи рәміздердің стандарттық үлгісінің жасалу негіздерін, мәні мен мақсатын бағандайтын кітаптар қойылды. «Тәуелсіздік тарихының көшбасы» атты үшінші бөлімде елдікке бастаған тарихи құжаттың маңызын айшықтайтын деректерден тұратын мерзімдік басылым беттері оқырмандардың назарына ұсынылды.

Тәуелсіздікке негіз болған тарихи күн қарсаңында мемлекеттік егемендік туралы декларацияның маңызы мен мәні, ұлттық мереңенің ел өміріндегі орны жайлы оқырмандарға ақпараттар беріліп, тәуелсіздіктің жемісті жылдары туралы сұрақтардан құралған викториналық ойындар өткізілді.

Еліміздің егемендігі ата-бабаларымыздың қанын төгіп, жанын беру арқылы бізге қалдырған басты аманаты. Ендеше, қолда бар байлығымыздың қадіріне жете білейік. Байрағымыз көк аспанымызда мәңгі желбіреп, республикамыздың даңқы асқақтай берсін!

**Гүлзат ӘМІРХАН,
№2 ОӘФК оқу залы
бөлімінің
кітапханашысы**